

## Хаттама № 4

25.01.2019 ж.

### Күн тәртібі

1. Дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдауға арналған қамқорлық қордан жұмсалған қаражат туралы есеп. . /Мектеп директоры Раисов Р.Е./
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңестің отырыстыр. Қиын оқушылармен әңгімелесу /ДТІЖО Алтай Қ.Т./
3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымын сайлау /ДТІЖО Алтай Қ.Т./

Қатысушылар: - ата-аналар комитетінің мүшелері -29 адам

- қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 10 адам
- мектеп әкімшілігі - 6 адам

#### 1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі *бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Р.Е. Раисов* Дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдауға арналған қамқорлық қордан жұмсалған қаражат туралы есеп берді. Наурыз айында «Наурыз жәрменкесі » өткізілді. Барлық жиналған қаражат 90 000 тенге жиналды. Сонымен қатар демеушілік жасаған адамдардан 30 000 тенге қосылды. Барлығы жиналған 210 000 тенге. Жиналған қаражатқа оқушыларға медальдар, статуеткалар мен мадақтамалар алынды. Сонымен қатар оқушыларды дайындаған мұғалімдерге премия лар берілді. Барлығы жұмсалған қаражат 210 000 тенге.

Шешімі: *Есеп қанағаттандылылық деп есептелсін.*

#### 2. Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Алтай Қ.Т. сөйледі. Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыстық істерді болдырмау мақсатында 2018 жылдың 06 қыркүйек күнімен Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін ұйымдастыру туралы № 329 бұйрық жарияланды, жауапты мұғалімдер бекітілді. Оқу жылдың басында 2018-2019о.ж. арналған жылдық Кеңес отырыстарының жоспары құрылып, сонымен қатар Кеңестің Ережесі бекітілді. Жоспарға сыныптар бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстардың, мөлтек ауданы бойынша рейдтердің қорытындалыры, зорлық-зомбылықтың , суицидтің алдын алу бойынша жұмыстардың қорытындылары кіргізілді. 2018 о.ж. 1-ші жарты жылдық бойынша мектепте ешқандай құқық бұзушылық жағдай анықтылаған жоқ. Барлығы өткізілген 4 отырыс.

Мектепте алдын алу тіркеуінде оқушылар жоқ. Оқушылардың бос уақыттары 89 % ұйымдастырылған. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмыстары жоспарға сай жүргізіледі. Хаттамалары толығымен жазылған.Мектеп құқық бұзушылық жағдайлар анықталған жоқ. Қазан-желтоқсан айларында 12 рейд өткізілді. Рейдтер қорытындысы бойынша 4-ші квартал бойынша аталған орындарға барған оқушылар анықталған жоқ және құқық бұзушылық жасаған жасөспірімдер, сонымен кәмелетке толмағандарға

алкоголь мен темекі өнімдерін сатуға тыйым салу туралы заңнамалық актілер нормаларының талаптарын орындамаушылық жағдайлар анықталған жоқ.

Баланы тәрбиелеуде қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстарын жетілдіру мақсатында мектепте зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша «Балалық шақ қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз» онкүндік іс-шаларар жоспар бойынша жүргізілді. Жас өспірімдердің суицидтік мінез-құлықтың алдын алу жұмысы Аутодеструктивтік мінез құлықтың алдын алу бойынша түрлі жұмыстар әңгіме, дәрістер, семинар, тренинг – сабақтар, сауалнама, зерртеу және түзету жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез–құлық, депрессиялық жағдай, стресске төзімділік бойынша сауалнамалар өткізілді.

Мектепте аутодеструктивті мінез-құлық бар оқушылар анықталған жоқ. Өзіне-өзі қол жұмсау жағдайлар болған жоқ. Құқық сабақтарында оқушыларға арналған өзін-өзі қорғау, бөтен адамдармен қарым қатынасты болу бойынша нұсқаулықтар жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар 2018-2019 о.ж. жоспарына сәйкес өз деңгейінде ұйымдастырылып жүргізіледі. Құқық бұзушылық, қылмыстық істер жасау жағдайлар болған жоқ. Қалалық және мектепшілік тіркеуде оқушылар жоқ. Өзіне-өзі қол жұмсау және балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасау жағдайлар болған жоқ. Сәтсіз отбасы,сонымен қатар есірткі және зиянды заттарды қолданатын оқушылар жоқ. Сабақтарды себепсіз қалдыратын, оқудан бас тартатын, қараусыз жүрген оқушылар анықталған жоқ.

**Шешімі:** Құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың өзіне-өзі қол жұмсау мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу , оқушылардың бойына ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, құқық сауаттылығын көтеру мақсатында мектептен тыс мәдениет мекемелермен,құқық саласындағы мекемелермен, ата-аналармен бірлескен жұмыстарын нығайтылсын. /Орындаушылар: 1-10 сынып жетекшілері, ата-аналары; Мерзімі: қантар- маусым/.

2. Тындалды:

Үшінші сұрақ бойынша ДТІЖО Алтай Қ.Т. сөйледі. Қ.Т. мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ахметова А.М. мекен- жайын ауыстыруға байланысты (Астана қаласына көшіп кетті) төрайымды қайтадан сайлау керектігін айтты. Ахметова А.М. қызметінен босату туралы өтінішті оқыды. Кеңестің мүшелері үміткерлерді ұсынды. Солардың ішінде Бексеитова Д.С. үміткерлігіне тоқталды. Кеңс мүшелері Бексеитова Д.С. жақсы мінездеме берді, сонымен сенімдерін білдірді.

**Шешімдері:**

- Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ахметова А.М. мекен-жайын ауыстыруына байланысты қызметінен босатылсын.
- Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы қызметіне Бексеитова Д. С. тағайындалсы .

Хатшысы: Алтай Қ.Т.